

Тлеуберлина Орынбасар Бауеновнаның «8D05108 – Геоботаника» мамандығы бойынша «Қазақстанның Оңтүстік-Шығыс жағдайында *Capparis herbacea* Willd. өсімдігінің қазіргі жағдайы мен экология-биологиялық ерекшеліктерін зерттеу» тақырыбында Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмысына отандық ғылыми жетекшісінен

### Пікір

Қазақстандағы медициналық препараттардың өндірісі табиғи дәрілік өсімдіктер шикізатын жинауды арттыру есебінен немесе оларды мәдени өсіруімен тікелей байланысты. Елімізге қажетті дәрілердің 90 % - ға жуығы жақын және алыс шетелдерден сатып алынады. Бұл еліміздің бюджетінен жұмсалған қыруар қаржы екендігі айқын. Қазақстанның Оңтүстігі және Оңтүстік-Шығыс жағдайында өсетін *Capparis herbacea* Willd. өсімдігінің қазіргі жағдайы мен экология-биологиялық ерекшеліктерін зерттеу мақсат еткен Тлеуберлина Орынбасар Бауеновнаның жұмысының практикалық құндылығы жоғары деңгейде. Биологиялық белсенді заттарға бай дәрілік өсімдіктердің құрылымдық ерекшеліктерін, химиялық құрамын, диагностикалық белгілерін толығырақ білу, оларды өсімдікке зиянсыз және тиімді пайдалану өте қажетті және өзекті мәселе. Бұл диссертациялық жұмыстың тақырыбының өзектілігін көрсетеді.

Қазақстанда *Capparaceae* L тұқымдасының жалғыз түрі *Capparis herbacea* Willd өсімдігін зерттеу біз үшін маңызды болды. Шет мемлекеттерде ресми түрде дәрінің құрамына енген каперсті елімізде зерттеу өте өзекті мәселеге айналды. *Capparis herbacea* Willd өсімдігінің кешенді зерттеу нәтижелері, оның қазіргі жағдайына ғылыми тұрғыда бағалауға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында шешілетін міндеттер қойылып, зерттеудің теориялық және әдістемелік негіздеріне сипаттама берілген, ғылыми зерттеу нәтижелерінің практикалық маңызы және жаңалығы мазмұндалған.

Жұмыс барысында алынған негізгі ғылыми нәтижелер және осы нәтижелер негізінде жасалған тұжырымдардың негізделу дәрежесі өз деңгейінде және ол көптеген тәжірибелер қорытындыларына сүйене отырып жасалған. Диссертанттың зерттеу барысында алынған тұжырымдардың теориялық және практикалық маңызы өте үлкен. Диссертациялық жұмысының нәтижелерін талқылауларынан автордың ғылыми жұмысты өз қолымен жасағандығы айқын байқалады және диссертация аяқталған ғылыми-зерттеу жұмыс болып табылады.

Тлеуберлина Орынбасар Бауеновна «8D05108 – Геоботаника» мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Қазақстанның Оңтүстік-Шығыс жағдайында *Capparis herbacea* Willd өсімдігінің қазіргі жағдайы мен экология-биологиялық ерекшеліктерін

зерттеу» атты докторлық диссертациясын өзінің ғылыми мазмұны жағынан геоботаника мамандығына толықтай сәйкес келеді.

Диссертациядағы ғылыми нәтижелері мен қорытындылары барлық талаптарға сәйкес жазылған. Ғылыми нәтижелер ғылыми мақалалармен дәлелденген.

Қорғауға ұсынылып отырған тақырыптың өзектілігі жоғары, өзінің теориялық жағынан маңызы бар.

Зерттеу жұмысының нәтижелері: 1 мақала Scopus мәліметтер базасына енетін халықаралық журналдарда, 3 мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті тізіміндегі республикалық ғылыми журналдарда, 2 мақала халықаралық ғылыми конференциялар материал жинағында 4 тезис халықаралық ғылыми конференциялар материал жинағында жарияланды. Сонымен қатар, «*Capparis herbacia* Wild. жер үсті бөліктерінің цитотоксикалық зат ретінде қолданылуы» пайдалы модельге № 8704 Патент алынды.

Тлеуберлина Орынбасар Бауеновнаның «8D05108 – Геоботаника» мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Қазақстанның Оңтүстік-Шығыс жағдайында *Capparis herbacea* Willd өсімдігінің қазіргі жағдайы мен экология-биологиялық ерекшеліктерін зерттеу» атты докторлық диссертациясы тақырыбы бойынша зерттеуі қойылатын талаптарға сәйкес және жұмыс ғылыми білікті түрде аяқталып ұсынылған, оған «8D05108 – Геоботаника» мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмысын ашық қорғауға ұсынуға лайық деп санаймын.

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,  
биология және биотехнология факультеті,  
биоалуантүрлілік және биоресурстар  
кафедрасының қауымдастырылуы  
профессоры, б.ғ.к.

Қолын растаймын  
Подпись заверяю  
*Тлеуберлина*



А.Т. Мамурова